

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК  
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

---

**Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы**

**ҚОЗЫБАЕВ  
МАНАШ  
ҚАБАШҰЛЫ**

**АЛМАТЫ  
2021**

**ББК 012+016:97+94] (574) (092)**

**Қ- 58** Қозыбаев Манаш Қабашұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: т.ғ.к. З.М. Теленова, т.ғ.д. С.О. Смағұлова. Библиог. ред: С.О. Смағұлова, З.М. Теленова. – Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, 2021. - 280 б.: сур. [«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» атты серия].

**ISBN 978-601-7815-73-8**

**ББК 012+016:97+94] (574) (092)**

**Бас редактор**

Қазақстан Республикасы

Ұлттық ғылым академиясының академигі

*Х.М. Әбжанов*

**Жауапты шығарушы**

Орталық ғылыми кітапханасының меңгерушісі

*С.Ш. Исақанова*

**ISBN 978-601-7815-73-8**

© Орталық ғылыми  
кітапхана, 2021

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ**

**КОМИТЕТ НАУКИ**

**ЦЕНТРАЛЬНАЯ НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА  
РГП «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ»**

---

**Биобиблиография ученых Казахстана**

**КОЗЫБАЕВ  
МАНАШ  
КАБАШЕВИЧ**

**АЛМАТЫ  
2021**

**ББК 012+016:97+94] (574) (092)**

**Қ- 58** Козыбаев Манаш Кабашевич: Биобиблиографический указатель / Сост.: к.и.н. З.М. Толенова, д.и.н. С.О. Смагулова. Библиогр. ред.: С.О. Смагулова, З.М. Толенова. – Алматы: Центральная научная библиотека РГП «Ғылым ордасы», 2021. - 280 с.: порт. [Серия «Биобиблиография ученых Казахстана»].

**ISBN 978-601-7815-73-8**

**ББК 012+016:97+94] (574) (092)**

**Главный редактор**

Академик Национальной Академии  
Республики Казахстан  
*Х.М. Абжанов*

**Ответственный за выпуск**  
заведующий Центральной научной библиотеки  
*С.Ш. Исаканова*

**ISBN 978-601-7815-73-8**

© Центральная научная  
библиотека, 2021

## ОҚЫРМАНДАРҒА

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты және Қазақстан Республикасының Президентінің бейбітшілік және рухани келісімі сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері – Манаш Қабашұлы Қозыбаевқа арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен ғылыми, қоғамдық және педагогтік қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан: әр жылдың көлемінде әліпби ретімен – қазақша, одан кейін орыс және шет тілінде жарияланған еңбектері беріліп отыр.

Әліпбилік және бірлесіп жазған авторлардың бірлесе жазған еңбектерінің сілтемелері хронологиялық көрсеткіштерінде орналасқан жұмыстардың рет санында берілген.

## К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель – продолжение серии биобиблиографий ученых Казахстана – посвящен академику Национальной академии наук, доктору исторических наук, профессору, видному общественному деятелю, лауреату Государственной премии Республики Казахстан и Президентской премии мира и духовного согласия, кавалеру ордена «Парасат» – Манашу Кабашевичу Козыбаеву.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, перечень его публикаций и литературу о нем. Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года – по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем – на русском и иностранном.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ**  
**АКАДЕМИГИ**  
**МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ**  
**ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Манаш Қабашұлы Қозыбаев** 1931 жылы 16 қарашада Қостанай облысының Меңдіқара ауданындағы Тазкөл (Айдынкөл) ауылында дүниеге келген.

**1942-1944 жж.** Қостанай облысының Меңдіқара ауданындағы «Жаңатұрмыс» колхозында есеп жүргізушінің көмекшісі, бригада есепшісі болып істеді.

**1944-1947 жж.** Ы. Алтынсарин атындағы Меңдіқара педагогика училищесінің студенті.

**1947 ж.** Ы. Алтынсарин атындағы Меңдіқара педагогикалық училищесін бітірді.

**1947-1948 жж.** Қостанай облысының Ұзынкөл ауданындағы «Үлгілі» жеті жылдық мектебінің мұғалімі.

**1948-1953 жж.** С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті тарих факультетінің студенті.

**1952 ж.** IV курс студенті «Қазақ буржуазиялық ұлт болып қалыптасуы туралы» деген тақырыптағы ғылыми жұмысы үшін студенттердің ғылыми жұмыстарының Алматы қаласының конкурсында екінші жүлдені жеңіп алды.

**1953-1958 жж.** Қостанай мұғалімдер (қайта құрылған педагогикалық) институтының аға оқытушысы.

**1957 ж.** «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды.

- Бүкілодақтық «Білім» қоғамының алғыс айтқан мақтау қағазын алды.

**1958-1969 жж.** Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының аға ғылыми қызметкері.

**1961 ж.** Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталды.

**1962 ж.** Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақстан Компартиясының Ұлы Отан соғысы кезінде өнеркәсіп пен транспортқа басшылық жасаудағы тәжірибесі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

**1964 ж.** «Аға ғылыми қызметкер» деген атақ берілді.

**1969 ж.** «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

- Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының ғылыми хатшысы.

**1969-1974 жж.** Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті жанындағы Партия тарихи институтының сектор меңгерушісі.

**1970 ж.** В.И. Ленин туғанына 100 жыл толуы құрметіне «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

**1971 ж.** Профессор ғылыми атағы берілді.

- «Қазақстан - майдан арсеналы» атты монографиясы үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық берілді.

- «Қазақстан - майдан арсеналы» атты монографиясы үшін ғылыми-көпшілік әдебиеттің озық шығармасы атты Бүкілодақтық конкурстың екінші дәрежелі сыйлығын алды.

**1973 ж.** Тарих ғылымдарын дамытудағы жетістіктері үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

- КОКП Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Құрмет грамотасымен марапатталды.

**1974 -** Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының КОКП тарихы кафедрасының меңгерушісі.

**1977 ж.** Ленин орденді Бүкілодақтық «Білім» қоғамының алғыс айтқан мақтау қағазын алды.

**1978 ж.** С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімдерін



жетілдіру институтының КОКП тарихы кафедрасының меңгерушісі.

**1979 ж.** Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

**1980 ж.** алты сериялы құжатты «Қазақстан» фильмінің ғылыми жетекшісі.

**1980-1986 жж.** Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакторы.

**1981 ж.** Жемісті ғылыми-педагогтық қызметі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

- «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» атағы берілді.

**1985 ж.** 40 сериялы құжатты «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» фильмінің ғылыми кеңесшісі.

**1986 ж.** Ғылыми-практикалық қызметі және қоғамдық өмірге белсене араласқаны үшін «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді.

- Қазақ КСР Ғылым академиясы Президиумының проблемалық кеңесінің мүшесі.

- Қазақ КСР Ғылым академиясы Президиумының ғылым мен техника жөніндегі комиссиясының төрағасы.

**1986-1988 жж.** Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Қазақстанның тарихнамасы бөлімінің меңгерушісі.

**1988 ж.** Кеңестер Одағы Ғылым академиясының Президиумы жанындағы Проблемалық кеңестің Қазақстан мен Орта Азия республикаларының тарихнамасы және деректану жөніндегі аймақтық секциясының жетекшісі.

- Қазақ КСР Ғылым академиясы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры.

- Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтың мұраларын зерттеуге арналған мемлекеттік комиссия мүшесі.

- «Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаты.

**1989 ж.** Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды.

**1990-1993 жж.** Қазақ КСР халық депутаты болып сайланды.

**1990 ж.** Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын дайындаған комиссияның мүшесі.

**1990-1992 жж.** Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тіл дамыту комитетінің мүшесі.

**1991 ж.** Қазақ КСР Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімінің мүшесі.

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы заңды дайындайтын комиссияның мүшесі.

- Құжатты «Жұт» фильмінің ғылыми жетекшісі.

- «1928 ж. 27 тамыздағы ХКК мен ҚОАК-тің «Байлар шаруашылығын кәмпескелеуі», 1930 ж. 19 ақпандағы «Ұжымдастыру мәселесін нығайту мен бай, кулақтарға қарсы күрес жүргізуге» қатысты шыққан жарлықтарын тереңдете зерттеу мәселесіне құрылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумы комиссиясының төрағасы.

**1991-2001 жж.** «Ақиқат» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

**1992-1993 жж.** Қазақстан Республикасы жоғарғы Кеңесінің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мүшесі.

**1993 ж.** ҚР Президентінің қасындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңесінің мүшесі.

- ҚР Тарих және мәдениет қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-методикалық Кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.

- Республикалық тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамының Президенті болып сайланды.

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңес қаулысымен «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» комиссиясының төрағасы болып тағайындалды.

- Министрлер кабинетінің жарлығы бойынша республикалық «Азалы кітап» (Книга памяти) кітабын дайындап шығаруға қатысты құрылған редакциялық алқасы төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

**1993-1999 жж.** ҚР Жоғарғы аттестациялық комитеті Президиумының мүшесі.

**1993-2001 жж.** «Қазақ тарихы» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

**1994 ж.** Каир қаласында БҰҰ қамқорлығымен өткізілген халық саны және дамуы жөніндегі халықаралық конференцияны әзірлеу комитетінің мүшесі, делегаты.

- Министрлер кабинетінің жанынан құрылған Қазақстан Республикасының Ғылым, техника, білім салалары бойынша мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитет мүшесі.

**1994-1998 жж.** Адам құқығы жөніндегі республикалық комиссияның мүшесі.

**1995 ж.** Абай Құнанбаевтың мерейтойын өткізу үшін құрылған мемлекеттік комиссияның мүшесі.

- ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

**1996 ж.** ҚР Президентінің мемлекеттік саясатқа қатысты құрылған Ұлттық Кеңесінің мүшесі.

- ҚР Ғылым, техника, оқу ісіне қатысты Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комиссияның мүшесі.

- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

- ҚР Президентінің шақыртуымен Шанхайдағы бес мемлекет басшыларының кездесуіне қатынасты.

**1997 ж.** ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты.

- Қостанай қаласының Меңдіғара ауданының «Құрметті Азаматы» атағына ие болды.

- Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағасының орынбасары болды.

- Индиядағы Қазақстанның мәдени күндерінің делегация басшысы.

- Моңғолиядағы Күлтегін мен Тоны Көк ескерткіштерін кешенді түрде зерттеу экспедициясына қатысты.

**1998 ж.** Халық бірлігі мен Ұлттық тарих жылын өткізуге қатысты құрылған мемлекеттік комиссия мүшесі.

- “Отан тарихы” журналының бас редакторы.

**1998-1999 ж.ж.** Білім, ғылым, денсаулық және спорт министрілігінің алқа мүшесі.

**1999 ж.** Халық бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы жылын өткізуге қатысты құрылған мемлекеттік комиссия мүшесі.

- «Семей» университетінің құрметті профессоры болып сайланды.

- Қарағанды медициналық Академиясының, Қызылорда «Қорқыт-Ата» университетінің, «Казгор» академиясының құрметті профессоры болып сайланды.

- Қ.И. Сәтбаевтың мерейтойын өткізу үшін құрылған мемлекеттік комиссия мүшесі.

- «Қ.И. Сәтбаев», «Ұлттық Ғылым академиясы» құжатты фильмдерінің ғылыми жетекшісі.

- Иран Президентінің басшылығымен Тегеранда өткізілген «Өркениеттер арасындағы сұхбат» конгресінің делегаты.

**2000 ж.** Мәдениетті қолдау жылына қатысты құрылған мемлекеттік комиссия мүшесі.

- Түркістанның 1500 жылдығы мен Тараз қаласының 2000жылдығын өткізуге байланысты құрылған мемлекеттік комиссияның мүшесі.

- Түркістанның 1500 жылдығына «Қазақстан-Заман» газеті жариялаған конкурстың лауреаты.

- «Тәуелсіз Қазақстанға 10 жыл: тарих және перспективті даму» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны дайындау және өткізуге қатысты құрылған ұйымдастыру комитетінің мүшесі.

- С. Мұқановтың мерейтойын өткізу үшін құрылған мемлекеттік комиссия мүшесі.

- Қостанай облысының «Жыл Адамы» болып танылды.

- А. Байтұрсынов атындағы Қостанай университетінің «Құрметті профессоры» деген атақ берілді.

- А. Байтұрсынов атындағы құрметті белгімен марапатталды.

- «Астана» медалімен марапатталды.

**2001 ж.** Қазақстан Республикасының орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссиясының мүшесі.

- «Ежелгі түркі өркениеті: жазба ескерткіштері» халықаралық ғылыми конференциясының ұйымдастыру алқасының мүшесі, «Көне түркі өркениеті: тарихи аспект» секциясының төрағасы.

- «Қазақстан – Заман» газетінің құрылтайшысы.

- Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Құрметті профессоры» атағы берілді.

- «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі ретінде марапатталды.

- «Парасат» орденімен марапатталды.

- **2002 ж. 31 қаңтарда өмірден озды.**

# **ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

## **МАНАША КАБАШЕВИЧА КОЗЫБАЕВА**

**Манаш Кабашевич Козыбаев** родился 16 ноября 1931 г. в ауле Тазкол (Айдын-кол) Мендыгаринского района Кустанайской области.

**1942-1944 гг.** Учетчик бригады, помощник счетовода колхоза Жана-Турмыс Мендыгаринского района Костанайской области.

**1944-1947 гг.** Студент Мендыгаринского педагогического училища им. И. Алтынсарина.

**1947 г.** окончил Мендыгаринское педагогическое училище им. И. Алтынсарина.

**1947-1948 гг.** Учитель семилетней школы «Ульгулы» Узункольского района Костанайской области.

**1948-1953 гг.** Студент исторического факультета Казахского государственного университета им.С.М. Кирова.

**1952 г.** На IV курсе за научную работу «О формировании казахской национальной буржуазии» получил II премию на конкурсе научных работ среди студентов г. Алматы.

**1953-1958 гг.** Старший преподаватель Костанайского учительского (впоследствии педагогического) института.

**1957 г.** Награжден медалью «За освоение целинных земель».  
- Получил благодарственное письмо Всесоюзного общества «Знание».

**1958-1969 гг.** Старший научный сотрудник Института истории партии при ЦК Компартии Казахстана.

**1961 г.** Награжден Грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

**1962 г.** Защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата исторических наук «Опыт Компартии Казахстана по руководству промышленностью и транспортом в период Великой Отечественной войны».

**1964 г.** Утвержден в должности «Старшего научного сотрудника».

**1969 г.** Защищена докторская диссертация «Коммунистическая партия Казахстана в период Великой Отечественной войны».

- Ученый секретарь Института истории партии ЦК Компартии Казахстана.

**1969-1974 гг.** Зав. сектором Института истории ЦК Компартии Казахстана.

**1970 г.** В ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина награжден медалью «За доблестный труд».

**1971 г.** Утвержден в ученом звании профессора.

- Присуждена премия имени Ч.Ч. Валиханова за монографию «Казахстан - арсенал фронта».

- Присужден диплом II степени Всесоюзного конкурса на лучшее произведение научно-популярной литературы за монографию «Казахстан - арсенал фронта».

**1973 г.** Награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР за успехи в развитии историко-партийной науки.

- Награжден Почетной грамотой Института марксизма-ленинизма при ЦК КПСС.

**1974 г.** Зав. кафедрой истории КПСС Алма-Атинского зооветеринарного института.

**1977 г.** Награжден благодарственной грамотой ордена Ленина Всесоюзного общества «Знание».

**1978 г.** Зав. кафедрой истории КПСС Института повышения квалификации преподавателей общественных наук при КазГУ им. С.М. Кирова.

**1979 г.** Избран членом-корреспондентом АН КазССР.

**1980 г.** Научный руководитель 6-ти серийного документального фильма “Казахстан”.

**1980-1986 гг.** Главный редактор Главной редакции Казахской Советской энциклопедии.

**1981 г.** Награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР за плодотворную научно-педагогическую деятельность.

- Присвоено звание «Отличник народного просвещения Казахской ССР».

**1985 г.** Научный консультант 40-серийного документального фильма «Казахстан в годы Великой Отечественной войны».

**1986 г.** Присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки Казахской ССР».

- Член проблемного совета Президиума АН КазССР.

- Председатель комиссии по науке и технике Президиума АН КазССР.

**1986-1988 гг.** Зав. отделом историографии Советского Казахстана, Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова Академии наук Казахской ССР.

**1988 г.** Руководитель зональной Секции АН СССР по историографии и источниковедению республики Средней Азии и Казахстана.

- Директор Института истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова Академии наук Казахской ССР.

- Член государственной комиссии по изучению наследия Ш. Кудайбердиева, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева.

- Лауреат газеты «Қазақ әдебиеті».

**1989 г.** Избран действительным членом (академиком) АН КазССР.

**1990-1993 гг.** Избран народным депутатом Верховного Совета Казахской ССР.

**1990 г.** Член комиссии по подготовке Декларации о государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики.



**1990-1992 гг.** Член комитета по национальной политике, развитию культуры и науки.

**1991 г.** Член Отделения общественных наук АН КазССР.

- Член комиссии Верховного Совета Республики Казахстан по подготовке Закона «О государственной независимости Республики Казахстан».

- Научный руководитель документального фильма «Жут».

- Председатель комиссии Президиума Верховного Совета Казахской ССР по изучению постановлений КазЦИК и СНК КАССР от 27 августа 1928 года «О конфискации байских хозяйств», от 19 февраля 1930 года «О мероприятиях по укреплению социалистического переустройства сельского хозяйства в районах сплошной коллективизации и по борьбе с кулачеством и байством».

**1991-2001 гг.** Член ред. Коллегии журнала «Ақиқат».

**1992- 1993 гг.** Член Комитета Национальной безопасности Верховного Совета КазССР.

**1993 г.** Член Национального совета по государственной политике при Президенте РК.

- Назначен председателем научно-методического совета по защите памятников истории и культуры и их использованию.

- Президент республиканского историко-просветительского общества «Адилет».

- Постановлением Президиума Верховного Совета Республики Казахстан назначен председателем комиссии по реабилитации жертв массовых политических репрессий .

- Распоряжением Кабинета Министров РК назначен заместителем председателя редакционной коллегии по подготовке республиканской «Книги памяти».

**1993 – 1999 гг.** Член Президиума Высшего аттестационного Комитета РК.

**1993-2001 гг.** Член ред. коллегии журнала «Қазақ тарихы».

**1994 г.** Член комитета по подготовке международной конференции по народонаселению и развитию, проводимой под эгидой ООН в г. Каире, делегат.

- Член Комитета по государственным премиям Республики Казахстан в области науки, техники и образования при Кабинете Министров Республики.

**1994-1998 гг.** Член республиканской комиссии по правам человека при Президенте Республики Казахстан.

**1995 г.** Член Государственной комиссии по проведению юбилея Абая.

- Лауреат Государственной премии РК.

**1996 г.** Член Национального Совета по государственной политике при Президенте РК.

- Член Президиума Комитета по государственным премиям РК в области науки, техники и образования при Правительстве РК.

- Награжден Почетной Грамотой Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

- По приглашению Президента РК участвовал в работе встречи глав пяти государств в Шанхайе.

**1997 г.** Лауреат Президентской премии мира и духовного согласия.

- Избран почетным Гражданином Мендыгаринского района и г. Костаная.

- Заместитель председателя государственной Комиссии по проведению Года общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий.

- Руководитель делегации Дней культуры Казахстана в Индии.

- Участник экспедиций в Монголии по исследованию комплекса Культегина и памятника Тонью Кука.

**1998 г.** Член Государственной Комиссии по проведению Года народного единства и национальной истории.

- Главный редактор журнала «Отечественная история».

**1998-1999 гг.** Член коллегии Министерство образования, науки, здравоохранения и спорта.

**1999 г.** Член Государственной комиссии по проведению Года народного единства и преемственности поколений.

- Избран Почетным профессором университета «Семей».

- Избран Почетным профессором Карагандинской медицинской академии, Кызылординского университета им. Коркыт-Ата, академии «Казгор».

- Член государственной комиссии по проведению юбилея К.И. Сатпаева.

- Научный руководитель документальных фильмов «К.И. Сатпаев», «Национальная Академия наук».

- Делегат конгресса исламских стран по проблеме «Диалог между цивилизациями», проходившей под эгидой Президента Ирана в Тегеране.

**2000 г.** Член государственной комиссии по организации и проведению Года поддержки культуры.

- Член правительственных комиссий по проведению 1500-летия г. Туркестана и 2000-летия г. Тараза.

- Лауреат конкурса газеты «Казахстан – Заман», объявленного к 1500-летию г. Туркестана.

- Член оргкомитета по подготовке и проведению международной научно-практической конференции «10 лет суверенного Казахстана: история и перспективы».

- Член правительственной комиссии по проведению юбилея С. Муканова.

- Признан «Человеком Года» Костанайской области.

- Присвоено почетное звание профессора Костанайского университета им. А. Байтурсынова.

- Награжден Почетным знаком А. Байтурсынова.

- Награжден медалью «Астана».

**2001 г.** Член Государственной комиссии по памятникам и монументам, сооружаемым в Республике Казахстан.

- Член организационного совета по проведению международной конференции «Древнетюркская цивилизация

письменности, председатель секции «Древнетюркская цивилизация: Исторический аспект».

- Учредитель газеты «Қазақстан – Заман».

- Присвоено звание почетного профессора Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова.

- Награжден юбилейной медалью «10 лет Независимости Республики Казахстан», как член Ассамблеи народов Казахстана.

- Награжден орденом «Парасат».

- Умер **31 января 2002 года.**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ**

Қазақстан Республикасының аса көрнекті ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері Манаш Қабашұлы Қозыбаевқа биыл 90 жас толады. Бар саналы ғұмырын ғылымға арнаған ғалымның 53 жылдық еңбек жолының 40 жылы тікелей ғылыми қызметке арналған.

М.Қ. Қозыбаев 1931 жылы 16 қарашада қазіргі Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Тазкөл басындағы ауылда шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдары жасөспірім бала кезінен колхозда еңбекке араласқан. 1947 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Меңдіқара педагогикалық училищесін үздік бітіріп, бір жыл Үлгілі жеті жылдық мектебінде мұғалім болып қызмет етеді. Болашақ ғалымның тәрбиесіне ата-анасымен қатар кейін көрнекті қайраткер болып танылған ағасы Қозыбаев Оразалы Әбілұлы айтарлықтай ықпал жасады.

1953 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін үздік бітіріп, Қостанай педагогикалық институтында ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысады. Талантты жас ғалым 1958 жылы сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтына қызметке шақырылып, онда аға ғылыми қызметкерден тарих ғылымдарының докторы (1969), профессор (1970), танымал ғалым дәрежесіне дейінгі жолдан өтті. 1961-1970 жж. М.Қ. Қозыбаев осы институттың ғылыми хатшысы, онан соң Қазақстандағы партия құрылысы тарихы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1974-1980 жылдары ол Алматы малдәрігерлік институтында, кейіннен С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың жанындағы Қоғамдық ғылымдар пәндері

оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі болды.

М.Қ. Қозыбаев 1980 жылдан Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясын басқарды. Оның басшылығымен сол кезеңде орыс және қазақ тілдерінде 4 томдық “Қазақ ССР” энциклопедиясы, “Алматы”, “Қарағанды облысы” энциклопедиялары, Ш.Ш. Уәлихановтың 5 томдық толықтырылып, өңделген шығармалар жинағы және тағы да басқа іргелі еңбектер басылып шықты.

Осы кезеңдерде М.Қ. Қозыбаевтың Қазақстанның, сондай-ақ жалпы КСРО-ның шығыс аймақтарының тарихы мен тарихнамасы және Ұлы Отан соғысы тарихы бойынша зерттеулері республикада, әрі одақ көлемінде жоғары бағаға ие болды. Оның “Казахстан – арсенал фронта” (1970), “Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны” (1964), “Ұлы ерлік” (1980) және басқа монографиялары мен екінші дүниежүзілік соғыста қазақстандықтардың Ұлы Жеңіске қосқан үлесі туралы басқа да зерттеулері бүкіл Одақтық қауымға танылды. М.Қ. Қозыбаев зерттеулеріндегі КСРО-ның соғыс кезіндегі әскери-экономикасының құрамдас бөлігі ретінде өндіргіш күштерді елдің шығыс аудандарына, оның ішінде Қазақстанға көшіру, табиғат ресурстарын Отан қорғау мүддесіне тиімді пайдалану шаралары, КСРО халықтарының екінші дүниежүзілік соғыс майдандарына қатысуы, соғыс жылдарындағы елдегі қоғамдық-саяси өмір мен мәдениет сияқты күрделі мәселелер өзінің терең де жан-жақты ашылуымен сиппаталады. Бұған көрнекті ғалымдар КСРО Ғылым академиясының академигі М.П. Кимнің, КСРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті П.А. Жилиннің, тарих ғылымдарының докторлары А.В. Митрофанова, Г.А. Куманев, И.И. Захаров, А.И. Залеский, Ю.В. Арутюнян, В.Т. Анисков және басқа да белгілі зерттеушілердің еңбектеріндегі пікірлер айқын дәлел.

Сол кездегі Одақ көлеміндегі Ұлы Отан соғысы тарихын зерттеуші жетекші маман ретінде М.Қ. Қозыбаев “Союз нерушимый” (М., 1982), “Во главе защиты Советской Родины” (М., 1984), “Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны” (М., 1988), “История рабочего класса СССР” (Т.3. М., 1989) атты іргелі еңбектерді және осылар сияқты Москва, Баку, Новосибирск, тағы басқа қалаларда шыққан бірқатар кітаптарды жазуға қатынасты.

1986 жылдың наурызынан бастап М.Қ. Қозыбаев Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында қызмет етіп, тарихнама және деректану бөлімінің меңгерушісі болды. 1988 жылы маусымда бірауыздан осы институт директоры болып сайланған ол өмірінің соңғы күндеріне, яғни 2002 ж. қаңтардың соңына дейін осы қызметті атқарды.

1980-ші жылдардың соңы мен 1990-шы жылдардың бас кезінде ұлттық сана-сезімнің күшеюі, кеңестік мемлекеттік жүйе мен коммунистік идеологияның күйреуі және тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жариялануы мен қалыптасуы тарих ғылымының қоғамдағы орнына түбегейлі өзгеріс енгізгені аян. Осы кезден бастап академик М.Қ. Қозыбаев басқарған Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге орасан зор үлес қосты. Осы жылдары тарих ғылымының ұлттық сана, қоғамдық және мемлекеттік өмірдегі рөлінің күрт артуы нәтижесінде тарихи оқиғалар мен фактілерді баяндаудағы еуроцентристік принциптерден, оларды оқшаулап, идеологияландырудан бас тартуға қол жеткізіліп, таптық және партиялық көзқарастарға негізделген тарихи зерттеулер методологиясы түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл тұрғыда Мемлекет тұтастығы, ұлттық бірлік және рухани үйлесімділіктің тарихи процестерді терең зерттеу негізінде қалыптасатындығы туралы принциптің алға тартылуы Қазақстан тарих ғылымының жаңа кезеңде дамуының айқын көрінісі, әрі бұлжымас ақиқатына айналды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғышарттары пайда болған 1980 жылдардың соңынан бастап қысқа уақыт ішінде Қазақстан тарихшылары академик М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен тарихи зерттеулер методологиясының мәселесі, жинақталған тарихи білімдерді қайта пайымдау, қазақ халқының шығу тегі мен этникалық тарихы, ұлттық мемлекеттілік пен ұлттық қауіпсіздік проблемалары, Қазақстанның саяси-әлеуметтік және экономикалық даму тарихының, Қазақстанның жалпы тарих тұрғысынан әлемдік қауымдастықтағы, оның ішінде ең алдымен Ресей және ТМД елдерімен, Қытаймен, алыс шетелдермен қарым-қатынасына байланысты өзекті мәселелер отандық тарих ғылымының басым бағыттарына айналдырды.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың өзі ғылыми зерттеу ісіне тікелей ұйтқы болып, қатынасты. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру науқаны кезінде Қазақстанда орын алған зұлмат трагедиясы бүгінгі таңда барша әлемге аян. 1988 жылғы қарашада М.Қ. Қозыбаевтың бастамасы бойынша Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында осы мәселеге арналған Бүкілодақтық ғылыми конференция шақырылды. Осы конференцияда Қазақстан мен Орта Азия республикаларында ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру тарихы жан-жақты талқыланып, тарихи ақиқатқа жол ашылды. Осының нәтижесінде М.Қ. Қозыбаев және басқа ғалымдар 1989 ж. Москвадағы “Вопросы истории” журналында жариялаған мақаладан Қазақстандағы ашаршылық нәубетінің көлемі мен зардаптары әлемге тұңғыш рет аян болды.

1991 ж. қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі құрған Парламенттік арнайы комиссия сол кезде халық депутаты болған М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен бір жыл жұмыс істеп, 1920-1930 ж.ж. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін және 1931-1933 ж.ж. жаппай ашаршылықтың себептері мен зардаптарын арнайы сараптаудан өткізді. Бұл комиссия жұмысының қорытындысы бүгінде барша жұртшылыққа белгілі. Бұл тұрғыда



кеңестік тоталитаризм мен оның зардаптары бұрынғы Кеңестер Одағы республикалары ішінде Қазақстанда ғана тыңғылықты әрі жүйелі зерттеліп келе жатқандығын ерекше атап өткен жөн. 1980-жылдардың екінші жартысынан бастап академик М.Қ. Қозыбаев 30-40-жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын анықтау және оларды ақтау жолында жалпы мемлекеттік маңызы бар көлемді де жүйелі жұмыстар жүргізді.

1980-ші жылдардың соңы мен 1990-шы жылдардың бас кезі отандық тарих ғылымында ұлт-азаттық қозғалыс тарихына байланысты, соның ішінде Кенесары Қасымов, Жанқожа Нұрмұхамедов, Әбдіғаппар Жанбосынов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстары және Алаш қозғалысы мен Алашорда автономиясына қатысты тыңғылықты зерттеулер жүргізілуімен, сөйтіп объективті шындықты қалпына келтіруде елеулі жұмыстар атқарылуымен ерекшеленді. Сонымен қатар осы кезеңнен бастап Қазақ хандығының тарихы, жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақ халқының Отан соғысы, Абылай ханның өмірі мен қызметі туралы және тарихымыздың басқа да өзекті проблемаларына байланысты ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізу қолға алынды. Өмірінің соңғы он жылында осындай күрделі де аса қиын ізденістер мен зерттеулердің барысында М.Қ. Қозыбаевтың “История и современность”, “Ақтаңдақтар ақиқаты”, “Жауға шаптым ту байлап”, “Тарих зердесі” (2 томдық), “Проблемы отечественной истории: методология, историография, и источники” (2 томдық), “Труд во имя победы” және тағы да басқа еңбектері дүниеге келді.

Отан тарихы мен тарихнамасын зерттеудің жаңа концептуальдық тұжырымдарын айқындау және жинақталған материалдарды жаңа тұрғыдан зерделеу нәтижесінде М.Қ. Қозыбаев басқарған тұста институт 1993 және 2001 жылдары орыс және қазақ тілдерінде көне заманнан бүгінге дейінгі “Қазақстан тарихының очерктерін” шығарды. Академик М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен көне заманнан бүгінге дейінгі

“Қазақстан тарихының” 5 томдық академиялық басылымға дайындалып, оның үш томы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді, төртінші және бесінші томдары баспаға әзірленді. Бұл ТМД мемлекеттерінің арасындағы тұңғыш басылым еді.

Мұндағы ең бастысы Қазақстан тарихының күрделі де өзекті мәселелерін зерттеуде идея берушісі де, ұйымдастырушысы да әрдайым М.Қ. Қозыбаевтың өзі болғанын айтқан жөн. Бұл жөнінде ең алдымен оның отаршылдық дәуірінің шовинистік аңыздарымен тұмшаланған Ермак туралы лақапты әшкерлеуге сіңірген еңбегін ерекше атап көрсету қажет. Сондай-ақ қазақ мемлекетінің территориялық тұтастығының қалыптасуы, қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі, патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы, Қазақстанның Ресей құрамына енуі, казармалық социализм жағдайындағы Қазақстан халқының ахуалы секілді Отан тарихының шешуші мәселелерін ашып көрсетуде ғалым зерттеудің концептуалдық тұжырымдамаларын жасады.

Академик М.Қ. Қозыбаев тарих ғылымында алғаш рет Еуразия кеңістігіндегі дала өркениетінің дамуы туралы тұжырымның негізін қалады.

Академиялық ғылымның білім саласымен дәстүрлі байланыстарын дамыта отырып, М.Қ. Қозыбаев орта мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын шығарды (“Қазақстан тарихы” ІХ класс оқулығы. А., 1991-2001; “Қазақстан тарихының хрестоматиясы”. А., 1994 т.б.). 1996-2001 жылдары оның басшылығымен Ұлы Отан соғысында қаза тапқандар туралы 60 томнан асатын “Зерде кітабы”, саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы 5 томдық “Азалы кітап”, мектеп оқушылары мен көпшілік қауымға арналған “Иллюстрированная история Казахстана” (1 т. А., 2001) басылып шықты. М.Қ. Қозыбаевтың көптеген еңбектері ТМД елдері халықтарының тілдеріне аударылған, сонымен

бірге АҚШ-та, Ресейде, Қытайда, Болгарияда, Германияда, Украинада, Америкада, Молдавияда, Жапонияда, Иранда, Түркияда және т.б. елдерде жарық көрді.

М.Қ. Қозыбаев басқарған жылдары институт Ресейдің, АҚШ-тың, Қытайдың, Жапонияның, Ұлыбританияның, Германияның, Түркияның және басқа да елдердің ғылыми орталықтарымен тұрақты ғылыми байланыс жасады.

Академик М.Қ. Қозыбаев тарихшылардың Халықаралық X конгрессіне, әскери тарихшылардың Халықаралық XIX конгрессіне, Орталық Азия елдерінің мәдени және ғылыми қарым-қатынастары мәселелерін қарастырған Халықаралық конгресске (ЮНЕСКО - Тегеран), Москвада, Санкт-Петербуркте, Ташкентте, Самарқанда, Киевте, Минскде, Пекинде, Анкарада, Стамбулда, Парижде, Тегеранда, Ұлан-Баторда, Бішкекте, Үрімшіде, Шанхайда және тағы басқа елдерде өткен халықаралық конференцияларға қатысып, баяндама жасаған.

1995 жылы М.Қ. Қозыбаевтың басшылығымен Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы әзірленіп, оны Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат туралы Ұлттық кеңес бекіткен болатын.

М.Қ. Қозыбаев ірі ғалым болуымен қатар ғылыми-педагогикалық жұмыстарға да көп назар аударды. Ол талантты ғалымдардың тұтас бір шоғырын тәрбиелеп шығарды. Оның жетекшілік етуімен 96 ғылым кандидаттары мен 19 докторлары әзірленді. 1970-1980 жж. М.Қ. Қозыбаев профессор ретінде Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де дәріс беріп, аспиранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті. Сөйтіп М.Қ. Қозыбаев тәуелсіз Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттейтін ғылыми мектептің негізін құрды.

Академик М.Қ. Қозыбаев ұзақ жылдар бойы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми кеңестің төрағасы, тарих ғылымдары саласындағы проблемалық ғылыми-үйлестіру

кеңесінің төрағасы, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің кітап шығару жөніндегі ғылыми-сараптамалық кеңесінің төрағасы, Мемлекеттік ономастикалық комиссия мүшесі қызметтерін атқарды.

1998 жылдан М.Қ. Қозыбаевтың бастамасы және басшылығымен қазір Қазақстанға ғана емес, шетелдік ғылыми қауымға да кеңінен танылған арнайы ғылыми басылым “Отан тарихы” журналы шығарыла бастады. М.Қ. Қозыбаев сонымен бірге “Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары (қоғамдық ғылымдар сериясы)”, “ҰҒА хабаршысы”, “Ақиқат”, “Қазақ тарихы” журналдарының және басқа да басылымдардың редакциялық алқасының мүшесі әрі тұрақты авторы, “Қазақстан – Заман” газетінің құрылтайшысы әрі авторы болды.

Сірә, академик М. Қозыбаев үн қатпаған тарих және қазіргі заманға қатысты қандай да болмасын өткір қоғамдық-саяси мәселе жоқ сияқты. Оның мерзімді баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзекті ғылыми және публицистикалық мақалалары мен сөйлеген сөздері кеңінен танылып, жұртшылықтың шынайы ілтипатына бөленді.

Осылайша тәуелсіздік жылдарында М.Қ. Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына, ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуальдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды. 1990-шы жылдардың соңында ол Қазақстан Республикасы Президентінің “1997 жылды жалпы ұлттық келісім және жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу Жылы деп жариялау туралы”, “1998 жылды Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы деп жариялау туралы”, “1999 жылды Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы деп жариялау туралы” Жарлықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы

Үкіметінің Абай мен Жамбылдың, Мұхтар Әуезовтің 150 жылдық мерейтойларын, Түркістан қаласының 1500 жылдығын атап өтуге байланысты қаулыларын жүзеге асыруды қамтамасыз етуші Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде де қыруар жұмыстар атқарды.

М.Қ. Қозыбаев ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерімен қатар мемлекеттік және қоғамдық өмірге де белсенді араласқан көрнекті қайраткер. Ол 1989 жылы Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі – академик болып сайланды. 1990-1993 жылдары ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, егеменді Қазақстан мемлекетінің Конституциясын, заңдары мен актілерін қабылдауда орасан зор қайраткерлік танытты. 1993 жылдан М.Қ. Қозыбаев Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің және Адам құқығы бойынша Мемлекеттік комиссияның, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі болды. Сонымен қатар М.Қ. Қозыбаев 1994-2001 жж. жеті жылдай “Әділет” тарихи-ағартушы қоғамының төрағасы қызметін атқарды.

М.Қ. Қозыбаев 1060-тан астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектердің, соның ішінде 30 монографияның (олардың 18-і бірлескен авторлықпен), 50-ден астам ұжымдық еңбектердің, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Оның еңбектерінің басым көпшілігі Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында жарық көргенін атап айтқан жөн. М.Қ. Қозыбаевтың тек тәуелсіздіктің 10 жыл ішіндегі еңбектері мен зерттеулері және мақалалары мен ғылыми конференцияларда жасаған баяндамалары 9 томды құрайды (“История и современность”, 1991; “Ақтаңдақтар ақиқаты”, 1992; “Жауға шаптым ту байлап”, 1994; “Труд во имя победы”, 1995; “Тарих зердесі” 1, 2 кітап. 1999; “Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски”. Т. 1-2. 2001; “Өркениет және ұлт”, 2001).

Тарихшы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде М.Қ. Қозыбаев қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің орнығуына, мемлекеттілік идеологиясының, Қазақстан Республикасының

этнотерриториялық тұтастығының нығаюына үнемі назар аударды. Мұны М.Қ. Қозыбаевтың еңбектерінің мазмұнынан айқын көруге болады. Сондай-ақ бұған оның Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің ғылыми-методикалық кеңесінің төрағасы, Ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретіндегі қызметі де айқын дәлел.

Академик М.Қ. Қозыбаев еңбектерінің негізгі мазмұны жалпыұлттық татулық пен Қазақстан халықтарының бірлігін нығайтуға, өскелең ұрпаққа рухани және патриоттық тәрбие беруге, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “2030 – стратегиясындағы” идеяларды жүзеге асыруға бағытталған.

М.Қ. Қозыбаевтың отандық тарих ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі, жемісті мемлекеттік және қоғамдық қызметі жоғары мемлекеттік наградалармен атап өтілген. “Қазақстан – майдан арсеналы” монографиясы үшін оған 1970 ж. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атағы берілді. 1995 ж. Қазақстан тарихының өзекті проблемаларына арналған бір топ зерттеулері үшін ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Белсенді әрі жемісті мемлекеттік және қоғамдық қызметі үшін 1997 ж. ол Президенттің “Бейбітшілік және рухани келісім” сыйлығының иегері атанды. Оған 1986 ж. “Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген қайраткері” Құрметті атағы берілген. Ғалым Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, КСРО және Қазақстан Республикасының медалдарымен марапатталған. М.Қ. Қозыбаев Шәкәрім атындағы “Семей” мемлекеттік университетінің (1998) Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының (1999), А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің, “КазГОР” Академиясының құрметті профессоры болып сайланған. Ол Қостанай қаласының және Мендіқара ауданының Құрметті азаматы болды. Манаш

Қабашұлының жансерік жолдасы Сара Пішенбайқызы (1932-2021) – танымал педагог, ұстаз, інісі Сағынбай Қозыбаев, баласы Ілияс - тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар, қызы Гүлшат тарих ғылымдарының кандидаты.

Уақытпен бірге тарих ғылымы да алға қарай алшаңдап қадам басқан сайын оның даму жолында еңбек еткен, бар ғұмырын сарп еткен жандардың жарқын бейнесі бұрынғыдан да шырақтана түскендей. Академик Манаш Қозыбаевтың ғылым жолындағы ерен еңбегі халықтың есінен мәңгі өшпестей болып ғылыми мұралары арқылы хатталып қалды. Тамаша талант иесі Баубек Бұлқышев айтқандай, «олардың өлімінде де өмір бар», елдің адал перзенттеріне тәуелсіздіктің алтын тұғырын нығайтуға құнды ғылыми мұраларымен, қоғамдық істерімен барынша үлес қосқан Азаматтарына мәңгілік ескерткіштер орнатуда. Атап айтар болса, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай МУ және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де аудиториялар, Семей МУ-де академик атындағы ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Мәңгілік мекені болған Кенсайдағы зират басына құлпытас тұрғызылып, ғалым тұрған үйге Ескерткіш тақта орнатылды (2002), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 ж. 5 ақпандағы «Академик Манаш Қозыбаевты мәңгі есте сақтау туралы» қаулысына сәйкес Алматы қаласында көше, Қостанайда мектепке және Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетіне есімі беріліп, оқу ғимараты алдында бюсті орнатылды және музей ашылды (2003). Сондай-ақ М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеттерінде арнайы «Манаштану» курсы оқытылады. 2004 ж. бері жыл сайын М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен «Қозыбаев оқулары» өткізіліп келеді.

Артында өте бай құнды мұра мен өшпес із қалдырған қалдырған академик М.Қ. Қозыбаевтың өмірі мен қызметіне және ғылыми мұрасына арналған 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша екі

кандидаттық диссертациялық жұмыс қорғалды: Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында З.М. Төленова «Академик М.Қ. Қозыбаев: өмірі, қоғамдық қызметі және ғылыми мұрасы» (2005) және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы Е.Қ. Күлдібаев «М.Қ. Қозыбаевтың өмір жолы мен ғылыми шығармашылық мұрасы (1985-2002 жж.)» (2010). Осы қорғалған диссертациялық зерттеулер негізінде М.Х. Асылбеков пен З. Төленованың бірлескен авторлығында «Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері» (Алматы, 2014) және Е. Күлдібаевтың «М.Қ. Қозыбаевтың өмір жолы мен ғылыми мұрасы» (Алматы, 2018) атты монографиялық еңбектер жарық көрді.

Ғалымның жоғары сұраныстағы еңбектері мен ол туралы естеліктер бірнеше рет қайта басылып шықты. Атап айтар болсақ, «Манаш Қозыбаев - человек в истории» / Сост. И. Козыбаев (Алматы, 2006); «Тұлғалар тұғыры» / Құраст. І. Қозыбаев. (Алматы, 2009); «Манаш Қозыбаев: кольца жизни: Сборник воспоминаний» / Сост. И. Козыбаев. (Алматы, 2011); Салықов К. Ақынжанды ғұлама (Астана, 2011); М.К. Козыбаев. Общественный деятель Республики Казахстан, академик АН РК, доктор исторических наук. К 80-летию со дня рождения (16 ноября 1931 г. – 31 января 2002 г.) / Сост.: Абилова Т.Е., Сулейменова А.Т., Тулеуова Ш.О. Отв. редактор З.С. Айдарбеков. (Алматы, 2011); Қозыбаев Манаш. Шығармалары. (Алматы, 2013. Т.1); «Қозыбаев. Избранные труды». (Алматы, 2015. – 2 томдық), «Манаш Қозыбаев. Өнегелі өмір (Алматы, 2016); Ұлттық тарих тамыршысы. (Петропавл, 2016); Манаш Қозыбаев. Энциклопедия. (Петропавловск, 2017) және т.б.

**Қ.С. АЛДАЖҰМАНОВ**

тарих ғылымдарының кандидаты

**З.М. ТӨЛЕНОВА**

тарих ғылымдарының кандидаты



**АКАДЕМИК НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
МАНАШ КАБАШЕВИЧ КОЗЫБАЕВ**

(Краткий очерк научно-педагогической, государственной и общественной деятельности)

Выдающемуся ученому, общественному деятелю и государственному деятелю Республики Казахстан Манашу Кабашевичу Козыбаеву в этом году исполнится 90 лет. 40 лет из 53-летней карьеры ученого, посвятившего всю свою жизнь науке, непосредственно посвящены научной деятельности.

М.К. Козыбаев родился 16 ноября 1931 г. Будучи подростком, в период Великой Отечественной войны он трудился в родном ауле в колхозе “Жана турмыс” Мендыгаринского района Костанайской области. В 1947 г. окончив с отличием Мендыгаринское педучилище им. И. Алтынсарина, год проработал учителем в Ульгулинской семилетней школе. В молодые годы в становлении будущего ученого, наряду с родителями, огромное влияние оказал его брат Оразали Абилевич Козыбаев, впоследствии ставший известным государственным деятелем, крупным организатором производства, Героем Социалистического Труда.

В 1953 г. с отличием окончив исторический факультет Казахского государственного университета им. С.М. Кирова, вел научно-педагогическую работу в Костанайском пединституте. В 1958 г. талантливый молодой ученый был приглашен на работу в Институт истории партии при ЦК Компартии Казахстана, где прошел путь от старшего научного сотрудника до известного ученого, доктора исторических наук, профессора. В 1961-1974 гг. М.К. Козыбаев работал Ученым секретарем этого института, а затем заведующим отделом истории партийного строительства в Казахстане. В 1969 г. защитил докторскую диссертацию в Москве, и в 1970 году ему присвоено звание профессора. В 1974-1980 гг. он заведовал кафедрой в

Алматинском зооветеринарном институте, а затем - в Институте повышения квалификации преподавателей общественных наук при КазГУ им. С.М. Кирова. С 1980 г. М.К. Козыбаев возглавлял Главную редакцию Казахской советской энциклопедии. Под его руководством в этот период осуществлено издание 4-х томной энциклопедии “Казахская ССР” на русском и казахском языках, энциклопедии “Алматы”, “Карагандинская область”, дополненное и переработанное издание собрания сочинений Ч.Ч. Валиханова и других фундаментальных трудов.

В этот период научные исследования М.К. Козыбаева по истории и историографии Казахстана и в целом восточного региона СССР по истории

Великой Отечественной войны получили высокую оценку в республике и на всесоюзном уровне. Ныне общепризнанного монографии “Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны” (1964), “Казахстан - арсенал фронта” (1970), “Ұлы ерлік” (1980) и другие труды о вкладе казахстанцев в великую победу во второй мировой войне. Такие кардинальные аспекты военной экономики СССР как перемещение производительных сил страны в восточные регионы, в том числе в Казахстан, решение проблемы трудовых ресурсов и другие мобилизационные меры советского государства в условиях войны, участие народов СССР в сражениях второй мировой войны, общественно-политическая и культурная жизнь страны в военные годы, нашедшие отражение в трудах М.К. Козыбаева, отличались глубиной содержания и всесторонностью постановки проблемы. Об этом свидетельствуют отзывы, содержащиеся в трудах академика АН СССР М.П. Кима, члена-корреспондента АН СССР П.А. Жилина, докторов исторических наук А.В. Митрофановой, Г.А. Куманева, И.И. Захарова, А.И. Залесского, В.Т. Анискова, Ю.В. Арутюняна и других известных советских ученых.

Как один из ведущих специалистов по проблемам истории Великой Отечественной войны М.К. Козыбаев в качестве

автора участвовал в написании фундаментальных трудов “Союз нерушимый” (М., 1982), “История рабочего класса СССР” (Т.3. М., 1989), “Во главе защиты Советской Родины” (М., 1984), “Советский тыл в первый период Великой Отечественной Войны” (М., 1988), а также ряда книг, изданных в Москве, Баку, Новосибирске и других городах СССР.

С марта 1986 г. М.К. Козыбаев работал в Институте истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова заведующим отделом историографии и источниковедения, а в июне 1988 г. единогласно избирается его директором, где трудился до конца января 2002 г.

С конца 1980-х - начала 1990-х годов, когда формирование суверенного государства Казахстан, рост национального самосознания народа, крах советской государственной системы и коммунистической идеологии коренным образом изменили положение исторической науки в обществе, возглавляемый академиком М.К. Козыбаевым институт вносил огромный вклад в разработку актуальных проблем истории Республики Казахстан. В результате произошел отход от идеологизации, евроцентристских принципов в изложении и трактовке событий и фактов, изменилась методология исторических исследований с отказом от ущербной ориентации на классово-групповые приоритеты и однопартийность. При этом непреложным фактом развития исторической науки Казахстана стал принцип о том, что государственное единство, национальное и духовное согласие должны формироваться под воздействием глубокого изучения исторических процессов.

С этого времени под руководством академика М.К. Козыбаева главными приоритетными направлениями исторической науки Казахстана стали проблема методологии исторических исследований и переоценка накопленных исторических знаний, проблема этногенеза и этнической истории казахского народа, проблема национальной государственности и национальной безопасности, актуальные проблемы социально-политической

и экономической истории Казахстана, проблемы всеобщей истории в плане взаимосвязей и взаимоотношений Казахстана с Россией, Китаем, государствами СНГ, странами дальнего зарубежья и т.д.

